



Еңбек құқығы, әлеуметтік қамсыздандыру құқығы /Labor Law and Social Security Law/ Трудовое право, Право социального обеспечения

МҒТАР 10.07.61

<https://doi.org/10.32523/2616-6844-2025-153-4-109-120>

Ғылыми мақала

Қазақстан Республикасында балаларды әлеуметтік қорғаудың құқықтық саясаты

А.А. Есекеева*¹, А.Қ. Отеуова², Г.А. Куаналиева³

^{1,3}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан

(e-mail: ¹ainash.akim@gmail.com, ²oteuovy@mail.ru, ³kuanalieva.guldanakz@mail.ru)

Аңдатпа: Мақала Қазақстан Республикасында балаларды әлеуметтік қорғау саласындағы құқықтық саясат мәселесіне арналған. Мақаланың мақсаты балаларды әлеуметтік қорғау құқығын теориялық негіздеу, сондай-ақ, балаларды әлеуметтік қорғау саласындағы құқықтық саясатын кешенді талдау болып табылады.

Бұл ғылыми мақалада Қазақстан Республикасында балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттің құқықтық саясаты мәселелері зерттеледі. Зерттеу шеңберінде «әлеуметтік қорғау» ұғымының мәні, мазмұнына талдау жасалады.

Ресей және Түркия мемлекеттерінде бала құқықтарын қорғау мен олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жолында нақты қадамдар жасалуда. Қабылданған стратегиялық құжаттардың жүзеге асырылуымен мемлекеттің қандай оң нәтижелерге қол жеткізетіндігі де айқын.

Авторлар зерттеу жұмысында жалпыдан жекеге өту қағидасын ұстанады. Авторлар Ресей және Түркия мемлекеттерінің бала құқықтарына қатысты мемлекеттік саясатын салыстырмалы түрде талдай отырып, елімізде ұзақ мерзімге арналған бала құқықтары жөніндегі стратегиялық құжат пен іс-шаралар жоспарын әзірлеу қажет екенін дәлелдейді және жоспардың қандай қағидаларға негізделетінін де ашып көрсетеді.

Түйін сөздер: әлеуметтік кодекс, ювениалды әділет, әлеуметтік қорғау, бала құқықтары, омбудсмен, кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігі, құқықтық саясат, ұлттық жоспар.

Түсті: 17.01.2025 Мақұлданды: 15.05.2025 Онлайн қолжетімді: 30.12.2025

Кіріспе

Кез-келген мемлекет саясатының негізгі бағыты азаматтардың өмір сүру деңгейін арттыруға, жеке тұлғаның еркін дамуына мүмкіндік беруге бағытталған. Жаңа адамның қалыптасуы – бұл мемлекеттік және мемлекеттік емес институттардың бүкіл жүйесінің әсерінен, терең қоғамдық-саяси, ғылыми-техникалық, әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени қайта құрулар барысында қоғамдық өмір процесінде шешілетін күрделі идеологиялық және әлеуметтік-психологиялық процесс. Осыған байланысты халықтың қорғалмаған топтарына ерекше назар аудару керек, оларға, әрине, балалар жатады [1].

Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы құқықтық саясат – бұл балалардың құқықтарын жүзеге асыруға және қорғауға байланысты туындайтын қатынастарды құқықтық реттеудің тиімді тетігін құру бойынша мемлекеттік және жергілікті органдардың ғылыми негізделген, Қазақстан Республикасының Конституциясының нормаларына және халықаралық міндеттемелерге сәйкес толыққанды физикалық, интеллектуалдық, рухани, адамгершілік және әлеуметтік дамуды қамтамасыз етуге бағытталған қызметі.

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заң қабылданғаннан бері, бала құқықтары мен олардың мүдделеріне қатысты 47 рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілген болатын. Бұл кезеңде балаларды құқықтық және әлеуметтік қорғау мәселелері Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құзыретінде болды және бала әлеуметтік жеке субъект ретінде қарастырылмады [2].

Бала құқықтарын қорғаудың ұлттық жүйесі 2016 жылғы Омбудсмен институтының құрылуымен жолға қойылды. Омбудсмен институты бала құқықтарының нығаяуына үлкен септігін тигізді десек те болады. Заңнамалық деңгейде баланың дербес құқық субъектісі ретіндегі құқықтық мәртебесі бекітілді, мемлекеттік саясат қағидаттары белгіленді.

Балалардың құқықтарын қорғаудың қағидаттары қолданыстағы неке заңнамасында тұжырымдалған. Неке кодексінің 2-бабы балалардың отбасында тәрбиелену басымдығы, олардың өсіп-жетілуі мен әл-ауқатты болуына қамқорлық, отбасының кәмелетке толмаған, қарт және еңбекке қабілетсіз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін басымдықпен қорғау қағидаттарын алға тартады [3]. Балалардың құқықтары мен мүддесін қорғауға бағытталған мемлекеттік саясат мынадай қағидаттарға сүйенеді :

- 1) балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу;
- 2) балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің негізгі кепілдіктерін нығайту, сондай-ақ құқықтары бұзылған жағдайларда оларды қалпына келтіру;
- 3) бала құқықтары кепілдіктерінің құқықтық негіздерін қалыптастыру, баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі тиісті органдар мен ұйымдар құру;
- 4) кәмелетке толмағандардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыру жөніндегі нысаналы жұмысты қамтамасыз ету [4].

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында «...Әрбір отбасы еліміз пайдаланып жатқан ұлттық байлықтың игілігін көруі керек. «Ұлттық қор – балаларға» атты мүлде жаңа бағдарламаны жүзеге асыру өте маңызды деп санаймын» деп атап өткен болатын. Іс жүзінде 2024 жылдан бастап «Ұлттық қор – балаларға»

жобасын іске қосылды. Жоба шеңберінде жыл сайын Ұлттық қордың инвестициялық табысының жартысы республикадағы 18 жасқа дейінгі балаларға бөлінеді [5].

Біздің елімізде балаларды қорғаудың заңнамалық негізін мыналар құрайды: Қазақстан Республикасының Конституциясы, конституциялық заңдар және ҚР Президентінің жарлықтары, ҚР Үкіметінің қаулылары, «Баланың құқықтары туралы» Заң, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Заң және өзге де заңға тәуелді актілер. Бұл балалардың құқықтары мен мүдделерінің сақталуына кепілдік беретін нақты нормаларды қамтитын жалпы және арнайы сипаттағы нормативтік құжаттар.

Заңнамалық актілердің жалпы стратегиясы Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген, онда отбасы, ана мен бала мемлекеттің қорғауында болады, бұл балалардың қалыпты дамуы, тәрбиесі мен білімі үшін әлеуметтік-экономикалық және құқықтықалғышарттар жасайды. Конституция ата-аналарды бала тәрбиесіне қамқорлық жасауға, оларды еңбекке баулуға және еңбекқорлыққа тәрбиелеуге міндеттейді. Балаға жалпы тегін білім беруге кепілдік беріледі [6].

Халықтың, бірінші кезекте балалардың әлеуметтік әл-ауқаты елдің ішкі саясатының басым міндеттерінің бірі болып табылады, ол патриоттық тәрбие деңгейін арттыру, азаматтарға жалпыадамзаттық құндылықтарды, қарым-қатынас мәдениетін, өзара сыйластықты, өзара көмек пен құқықтарға, бостандықтар мен қауіпсіздікке кепілдік беру арқылы жүзеге асырылуы тиіс [7].

Зерттеу әдістері

Бұл мақалада зерттеуді құқықтық реттеудің жалпы ғылыми әдістері қолданылды. Атап айтқанда, жүйелік-құрылымдық, салыстырмалы-құқықтық, нормативтік-логикалық, жалпылау, ұқсастық және т.б. жария-құқықтық әдістер де қолданылды. Зерттеу тақырыбының мазмұнын ашуда авторлардың ұлттық және шетелдік заңнамалары мен тәжірибесін зерттеуде салыстырмалы құқықтық әдістер жалпы тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Талқылаулар мен нәтижелер

«Ана» мен «бала» ұғымы егіз ұғым. Тарихи тұрғыда, ана мен баланы қорғау саласындағы құқықтық база ертеден бастау алады. Ерекше атауды иеленетін аталмыш субъектілер әлем мемлекеттерінің заңнамаларында, қашан да ерекше қамқорлықты талап ететін субъектілердің қатарында. Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылуымен бұл мәселеге халықаралық деңгейде мән берілді.

Елімізде, Бала құқықтарын қорғауға қатысты «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» арнайы заң бар. Заң бала құқықтарын қорғаумен қатар, оларды салауатты, толық ортаға дайындау, ел болашағына үлес қоса алатын ұлтжандылыққа, патриотизмге, мемлекеттің дамуына өзінің азаматтық пікірін білдіре алатын дербес тұлға болып қалыптасуына, Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген ана мен баланың құқықтары мен олардың мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған [4]. Сондай-ақ, 2023 жылы 20 сәуірде мемлекеттің ішкі саясатының басым бағытын айқындайтын заң – Қазақстан Республикасының әлеуметтік кодексі қабылданды [8].

Гуманистік психология тұжырымдамасына сәйкес, адам баласының барлық салада қорғалуға ұмтылуы – оның өмірлік маңызды қажеттіліктерінің бірі [9]. Әлеуметтік қорғау орта ғасырларда кедей-кепшіндерге көмек көрсету, оларға қамқорлық көрсету сияқты нысанда көрініс тапқан. Қайта өрлеу дәуірінде гуманистік педагогика алғаш қалыптасып, нәтижесінде қоғамда бала құқықтары назарға ілінді, жекелеген топтардың әлеуметтік оңалту мәселелерінің маңыздылығы артты.

Заң әдебиеттерінде «құқықтық қорғау», «реттеу» ұғымдары кеңінен қолданылады және заңгер ғалымдар тарапынан жан-жақты зерттелген. Ал, әлеуметтік тұрғыда «қорғау» ұғымы кең ауқымды құрайды, мәселен, «қорғау» біріншіден - бұл, тұтастай алғанда, адам өмірін сақтау құралы, тәсілі; екіншіден, адамдарға қажетті жағдай жасау, жан-жақты дамыту, оларға мүмкіндіктер беру тәсілі; үшіншіден, өзгелердің қол сұғушылығынан қорғау, яғни, қамқорлық таныту тәсілі; төртіншіден, мүдделерді, құқықтарды, бостандықтарды қорғау (сотта қорғау, кәсіподақ қызметкерінің құқықтарын қорғау, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау ретінде заң) тәсілі; бесіншіден, адамдардың өз наным-сенімдерін, көзқарастарын, зерттеулерін қорғау тәсілі; алтыншыдан, психологиялық бейімделудің әмбебап құралы, тұлғаны тұрақтандырудың реттеуші жүйесі ретінде танылады [10].

Батыс елдерінде мемлекет тарапынан халықты әлеуметтік қорғау азаматтардың жалақысын жоғалтуы, жұмыссыздыққа ұшырауы немесе қысқартылуы, мүгедектердің әлеуметтік жағдайы, денсаулығына байланысты жұмысқа орналаса алмауы, әйел адамдардың бала тууы мен оларды күтіп-бағуы, егде жастағылардың жағдайы, асыраушысынан айрылу және т.б. салдарынан экономикалық және әлеуметтік құлдыраудан қорғайтын шаралар жиынтығын құрады.

Бұдан бөлек, әлеуметтік қорғау шараларына әдетте балалары бар отбасыларға медициналық қызметтер мен жәрдемақылар беру жатқызылды [11].

Заң әдебиеттерінде «әлеуметтік қорғау» ұғымы кең және тар мағынада қарастырылады. Кең мағынада, әлеуметтік қорғау дегеніміз – жеке адам өзіне қамқорлық жасай алатын, балаларының өміріне жағдай жасай алатын әлеуметтік қатынастар жүйесі. Бұл мағынада әлеуметтік қорғау іс жүзінде жеке құқықтар кепілдіктерінің кең жүйесімен сәйкес келеді.

Тар мағынада, әлеуметтік қорғау дегеніміз – ерекше қиын жағдайға тап болған және оны сыртқы қолдаусыз жақсартуға қабілеті жоқ топтарға (қарттар, жетімдер, жұмыссыздар, мүгедектер, мигранттар, балалар) қолайлы өмір сүруді қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттің әлеуметтік саясаты.

Әлеуметтік жұмыс жөніндегі анықтамалық сөздіктен [12] мынадай анықтаманы қарастыруға болады: халықты әлеуметтік қорғау – өмір сүрудің оңтайлы жағдайларын ұсынуды, қажеттіліктерді қанағаттандыруды, тұлғаның, әртүрлі әлеуметтік санаттар мен топтардың өмір сүруін қамтамасыз етуді жүзеге асыратын қағидаттар, әдістер, мемлекет заңмен белгілеген әлеуметтік кепілдіктер, іс-шаралар мен мекемелер жүйесі; азаматтардың қалыпты өміріндегі ауру, жұмыссыздық, қарттық, мүгедектік, асыраушысының қайтыс болуы және басқалар сияқты қатер жағдайларына қарсы бағытталған шаралар, іс-қимылдар, мемлекет пен қоғам қаражатының жиынтығы; экономикалық қайта құрулар (нарықтық қатынастарға көшу) және осыған байланысты олардың тұрмыс деңгейінің төмендеуі кезеңінде халықтың әлеуметтік осал топтарын материалдық қолдаудың мемлекет кепілдік берген ең төменгі деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі әлеуметтік-экономикалық және құқықтық сипаттағы мемлекеттік шаралар кешені.

Е.М. Рыбинский бала құқықтарын әлеуметтік қорғау саласындағы міндеттерді мемлекеттің әлеуметтік саясатының басым бағыттарының бірі ретінде көрсетеді. Бұл, біріншіден, балалардың тіршілігін қамтамасыз етудің қажетті материалдық алғышарттарын жасау; екіншіден, бала құқықтарын қорғау жөніндегі заңнамалық базаны нығайту; үшіншіден, мұқтаж отбасыларға атаулы қаржылық қолдау жүйесін әзірлеу; төртіншіден, балаларды әлеуметтендіру мен тәрбиелеуді, білім беруді және дамытуды қамтамасыз ету; бесіншіден, қауіпсіз ана мен денсаулықты қорғауды қамтамасыз ету балалар; алтыншыдан, кәмелетке толмаған балалардың табиғи тіршілік ету ортасы ретінде отбасын қолдау және балалардың демалысы мен тамақтануын ұйымдастыруды жақсарту; жетіншіден, ерекше қиын жағдайдағы балаларды қолдау бойынша арнайы шараларды жүзеге асыру және т. б. [13].

Л.В.Мардахаев бала құқықтарын әлеуметтік қорғау – бұл кәмелетке толмағандардың құқықтық жағдайын, балалар еңбегін заңнамалық реттеуді айқындайтын нормативтік құжаттарды әзірлеу негізінде балалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін шаралар жүйесі деп түсіндіреді [14].

Осылайша, бала құқықтарын әлеуметтік қорғау – бұл мемлекеттің әлеуметтік саясатының негізгі және өзекті бағыттарының бірі, оның мәні теріс тенденцияларды еңсеру және балалардың жағдайын тұрақтандыру, мемлекет пен қоғамның балаларға деген көзқарасындағы оң өзгерістерді қалыптастыру, балалардың өмірлік процестерінің одан әрі оң динамикасы үшін нақты алғышарттар жасау болып табылады.

Қазақстан Республикасында бала құқықтарын әлеуметтік қорғаудың құқықтық базасы халықаралық заңнаманы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік заңдарын және жергілікті ережелерді, нұсқаулықтарды, әдістемелерді қамтиды. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы № 748 қаулысымен «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған» Кешенді жоспар (бұдан әр – Кешенді жоспар) қабылданды.

Кешенді жоспар балалардың зорлық-зомбылықтан, жәбірленуден және оларға қатыгездікпен қараудан қорғалу құқығын іске асыру, балалардың суицидтік және аутоагрессивті мінез-құлқының профилактикасы және оны түзету, қазақстандық балалардың саламаттылық деңгейін арттыру шараларын қамтиды [15].

Ресей мемлекетінде де РФ Президентінің 2023 жылғы 17 мамырдағы Жарлығымен Ресей Федерациясындағы балалардың 2030 жылға дейінгі Кешенді қауіпсіздік стратегиясы (бұдан әрі – Стратегия) қабылданды [16]. Стратегия мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының балалардың кешенді қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыратын шешімдерді қабылдауы үшін, оның ішінде балалардың қауіпсіздігіне төнетін қатерлерді анықтау мен болғызбауға, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру кезінде қабылданатын шаралардың басымдылығын айқындауға және тиімділігін қамтамасыз етуге қатысты бөлігінде жағдайлар жасауға ықпал етеді. Стратегияның жүзеге асырылуы мен күтілетін нәтижелер:

- 1) балаларды қорғау және олардың санын көбейту;
- 2) сәбилер мен балалар өлімі көрсеткіштерінің төмендеуі;
- 3) балалар арасындағы созылмалы ауруларының таралуын төмендету;
- 4) жұқпалы ауруларға қарсы егілген балалар санының көбеюі;
- 5) балалардың дұрыс тамақтануы;

6) дене шынықтыру-сауықтыру бағдарламалары бойынша білім алушы балалар санын көбейту;

7) жол-көлік оқиғалары салдарынан балалардың қайтыс болу жағдайларының санын қысқарту;

8) дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын әртүрлі жас санаттарындағы балалардың тиісті жас санаттарындағы балалардың жалпы санындағы үлесін ұлғайту;

9) балалы отбасылардың кедейшілік деңгейін төмендету;

10) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санын азайту;

11) кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстардың санын азайту;

12) балалардың ақпараттық қауіпсіздігі мен цифрлық сауаттылық деңгейін арттыру;

13) балаларға қатысты жасалған қылмыстар санын азайту;

14) балалардың денсаулығына және (немесе) дамуына зиян келтіретін ақпарат көлемінің қысқаруы;

15) балалары бар отбасыларды дәстүрлі отбасылық құндылықтарды, отбасы беделін, әке мен ана болуды нығайтуға бағытталған іс-шараларға қатысуға тарту болып табылады.

Көріп тұрғанымыздай, Ресей Федерациясының Стратегиясы бала құқықтары мен қауіпсіздігін кешенді түрде қамтамасыз етуді көздейді, яғни балалардың өмір сүру ортасы, олардың білім алуы, денсаулығы, қауіпсіздігі және т.б. толық жан-жақты қамтылған. Сондай-ақ, Ресей Федерациясының Үкіметі 2030 жылға дейінгі балалардың кешенді қауіпсіздігі стратегиясын іске асыру жоспарын бекітеді. Бекітілген жоспарға сәйкес 70-тен аса іс-шара ұйымдастыру көзделген [17]. Маңызы зор атқарылып жатқан ауқымды шаралар сол елдің болашағының жарқын болатындығының кепілі деуге болады.

Ресей Федерациясындағы бала құқықтарын қорғау РФ Конституциясында, РФ отбасы кодексінде және басқа да бірқатар нормативтік құқықтық актілерде көрсетілген нормалармен жүзеге асырылады. Сонымен, Ресей Федерациясының Конституциясы халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған нормаларына сәйкес Ресей Федерациясының адамы мен азаматының құқықтары мен бостандықтарына кепілдік береді (Ресей Федерациясының Конституциясының 17-бабы), ана, әке және баланы мемлекеттік қолдау принципін декларациялайды (Ресей Федерациясының Конституциясының 7-бабы 2-тармағы), сондай-ақ ана, бала және отбасын мемлекеттің қорғауына алады. Ресей Федерациясы Конституциясының 38-і), бұл балалардың қалыпты білімі, тәрбиесі мен дамуы үшін әлеуметтік-экономикалық негіз мен құқықтық базаны жасайды [18].

Ресей Федерациясының отбасылық кодексінің 1-бабына сәйкес отбасын нығайтуға, оны өз мүшелерінің өзара сүйіспеншілігі мен құрметіне, өзара көмекпен жауапкершілікке, отбасы істеріне араласуға жол бермеуге және отбасы мүшелерінің, соның ішінде балалардың өз құқықтарын кедергісіз жүзеге асыруына және қорғауға бағытталған [19].

«Ресей Федерациясындағы бала құқықтарының негізгі кепілдіктері туралы» 24.07.1998 №124-ФЗ федералды Заңында Ресей Федерациясының Конституциясымен кепілдендірілген Балалардың құқықтарын жүзеге асыру сияқты балалардың мүдделері үшін мемлекет саясатының мақсаттары анықталады; оларды кемсітуге тыйым салу және бұзылған жағдайда балалардың құқықтарын қалпына келтіруге; бала құқықтарының кепілдіктерінің нормативтік базасын қалыптастыру және физикалық, интеллектуалды көмек, балалардың психикалық, рухани және адамгершілік дамуы, оларда патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеуге негізделген [20].

Ресейден бөлек, Түркия мемлекетін алып қарасақ та болады. Балалардың құқықтары мен мүдделері Түркия үшін басты құндылықтардың бірі болып табылады. Түркияның

Отбасы және халыққа қызмет көрсету министрлігі 2023 жылы Балалар құқығы мен психологиясына басымдық бере отырып, «2023-2028 жылдарға арналған елдегі бала құқықтары жөніндегі стратегиялық құжат пен іс-шаралар жоспарын» (бұдан әрі - Жоспар) қабылдаған. Жоспар алты негізгі бағыт бойынша 150-ден астам қадамды қамтиды. Жоспарға сәйкес балалар құқығы және балалар психологиясы бойынша міндетті курстарды заң факультеттері мен полиция академиялары/мектептерінің оқу бағдарламасына қосылған, сондай-ақ, балалар туралы статистикалық деректер енгізілген. Түрік статистика институтының (TurkStat) деректеріне сәйкес, ел халқының 22 млн 578 мың 378 (бұл 26,5% -ға сәйкес келеді) 85 млн 279 мың 553 адамды балалар құрайды. Балалардың 51,3% (11,5 млн) ұл балалардың үлесіне және 48,7% (10,9 млн) қыздардың үлесіне тиесілі [21].

Біздер, елдердің «Дүние – балалар өмірі үшін лайықты» мақсатына өздерінің жол ұстаушылығын көрсеткен «Дүние – балалар өмірі үшін лайықты» атты (Нью-Йорк, 2002-мамыр) балалардың жағдайлары туралы БҰҰ Бас Ассамблеясының қорытынды құжатын толығымен растаймыз және болашақ іс-әрекеттері үшін мынадай шаралар анықтадық:

- Бала құқықтары туралы Конвенцияға сәйкес, бала құқықтарын есепке алып, мақсаттар мен міндеттерді нақты, уақыттылы және шамамен анықтауымен, балалардың пайдасына ұлттық шараларды қығайту;

- осы мақсаттарды орындауға ресурс бөлудің қажетті үйлестіру мен қамтамасыз етуін құру;

- кедергі мен әрекетті жылдамдатуға жауап беру мақсатында, ұлттық деңгейде уақтылы мониторинг және прогресті шолу;

- балалар құқықтарын жылжытуға өз үлесін ұсынған, азаматтық қоғам мен бірге ынтымақтастықтың маңыздылығын растау [22].

Қорытынды

Қазақстан Республикасындағы жастар саясатының маңызды құрамдас бөлігі – бала құқықтарын қорғау және олардың заңды мүдделерін қамтамасыз ету. Бұл бағыттағы саясаттың түпкі мақсаты – балалардың сапалы білім алуына жағдай жасау, оларды қоғамның белсенді субъектісі ретінде қалыптастыру және әрбір баланың жеке әлеуетін ашуға мүмкіндік беру болып табылады.

Балалардың жарқын болашағын қамтамасыз ету үшін құқықтық негізде ұзақ мерзімге арналған стратегиялық құжат пен нақты іс-шаралар жоспарын қабылдау қажет. Мұндай құжат балалардың құқықтарын қорғауды жүйелі түрде қамтамасыз ететін негізгі бағдар болмақ. Салыстырмалы талдау көрсеткендей, Ресей мен Түркия мемлекеттері осы бағытта айтарлықтай нәтижелі қадамдар жасап отыр, бұл Қазақстан үшін тәжірибелік маңызы бар үлгі бола алады.

Қазақстан Республикасы қабылдаған «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспар» қысқа мерзімді сипатта болғандықтан, балалардың барлық құқықтары мен мүдделерін толық көлемде қамти алмайды. Конституцияда бекітілген өмір сүру, денсаулық сақтау, білім алу, әлеуметтік қорғау, тұрғын үйге қол жеткізу сияқты негізгі құқықтар әрбір бала үшін мызғымас кепілдік

болуы тиіс. Алайда, бүгінгі таңда мүмкіндігі шектеулі балалардың медициналық көмек алу, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілу, инклюзивті білім беру, әлеуметтік қолдау, спорт және мәдени үйірмелерге қатысу, құжаттандыру секілді салаларда елеулі қиындықтарға тап болып отырғаны байқалады.

Осыған байланысты Қазақстанда балалардың құқықтары мен қауіпсіздігін қорғауды кешенді қамтитын ұзақ мерзімді «Кешенді қауіпсіздік стратегиясын» қабылдау - уақыт талабы. Мұндай стратегия төмендегі қағидаттарға негізделуі тиіс:

- әр баланың ішкі үнін есту және оның пікірін есепке алу;
- бала құқықтарын қорғау мәдениетін қалыптастыру және құқықтық білім беру;
- әр баланың әлеуетін ашу үшін тең мүмкіндіктер жасау;
- өмірлік қиын жағдайда қалған балаларға жан-жақты қолдау көрсету.

Жалпы алғанда, бала құқықтары мен олардың заңды мүдделерін қамтамасыз ету – Қазақстанның әлеуметтік-құқықтық саясатының стратегиялық басымдығы. Бұл бағыттағы тиімді шаралар қоғамның тұрақты дамуына, құқықтық мәдениеттің артуына және жаңа ұрпақтың толыққанды қалыптасуына ықпал ететіні анық.

Авторлардың қосқан үлесі

Ғылыми мақаланы жазуда авторлардың үлесі ортақ.

Мақаланы жазу барысында авторлар ғылыми зерттеуді бірлесіп талдап, ортақ ұстаным білдіреді.

Мақала авторларының қосқан үлестері келесідей:

Есекеева А.А. – тақырыптың өзектілігін ашу, зерттеу барысында алынған жұмыстың нәтижесіне талдау жасау, материалдар жинау.

Отеуова А. – тақырып аясындағы ақпараттарды саралау, талдау арқылы үлес қосты. Авторлар мақалада қолданылған ақпараттың шынайылығына, дұрыстығына жауапты болып табылады.

Куаналиева Г.А. – ұлттық және шетелдік нормативтік-құқықтық актілерге салыстырмалы талдау жүргізді.

Әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан Республикасының Бала құқықтары туралы конвенцияны іске асыруы туралы екінші және үшінші жиынтық мерзімді баяндаманы бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 шілдедегі N 670 Қаулысы, [adilet.zan.kz. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P060000670_/history](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P060000670_/history) (өтініш берген күні: 21.12.2024).

2. Есекеева А.А., Жатқанбаева А.Е., Әділғазы С. Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық мәртебесі // ҚазҰУ Хабаршысы. Заң сериясы. № 1 (109). 2024 ж. 39 б.

3. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі, [adilet.zan.kz. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518#z3](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518#z3) (өтініш берген күні: 21.12.2024).

4. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы, [adilet.zan.kz. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_) (өтініш берген күні: 20.12.2024).

5. «Ұлттық қор – балаларға» жобасы бойынша. <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/press/news/details/525547?lang=kk>.

6. Қазақстан Республикасының Конституциясы, [online.zakon.kz](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029. (өтініш берген күні: 21.12.2024).
7. Рақымбаева М.Қ. Өзіне-өзі қол жұмсауға жеткізу қылмысының алдын алу. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. Құқық сериясы № 4 (141)/2022. 140 б.
- 8.«Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі» Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ҚРЗ Кодексі, [adilet.zan.kz](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2300000224). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2300000224>. (өтініш берген күні: 20.12.2024).
9. Мухтарова А.Х. «Проблема самоактуализации личности в исследованиях зарубежных ученых». - Международный научный журнал «Инновационная наука», 2017. – С.67.
10. Лодкина Т.В. Социальная педагогика. Защита семьи и детства: учеб. пособие для студ. высш. учеб. завед. М.: Академия, 2003. 192 с.
11. Шаповалова В.С. «Государственная политика современной России в области защиты прав детей» Вестник ТГПИ. Гуманитарные науки. 2010. С. 399.-403.
12. Словарь-справочник по социальной работе /под ред. Е.И. Холостовой. М.: Юристъ, 1997. 424 с.
13. Рыбинский Е. М. Детство как социальный феномен. – М.: Изд-во НИИ детства РФД. – 1998. – 240 с.
14. Мардахаев Л. В. Словарь по социальной педагогике. – М.: Академия, 2002. – 350 с.
15. «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу, олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспардың жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 10 тамыздағы № 361 бұйрығы, [online.zakon.kz](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38509528&pos=5;-42#pos=5;-42) https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38509528&pos=5;-42#pos=5;-42. (өтініш берген күні: 24.12.2024).
16. Указ Президента РФ от 17 мая 2023 г. № 358 «О Стратегии комплексной безопасности детей в Российской Федерации на период до 2030 года». <https://www.garant.ru/products/ipo/prime/doc/406788976/>. (дата обращения: 25.12.2024).
17. В России принят план по реализации Стратегии комплексной безопасности детей. Министерство просвещения Российской Федерации. <https://edu.gov.ru/press/7870/v-rossii-prinyat-plan-po-realizacii-strategii-kompleksnoy-bezopasnosti-detey/> (дата обращения: 27.12.2024).
18. Конституция Российской Федерации (принята всенародным голосованием 12.12.1993 с изменениями, одобренными в ходе общероссийского голосования 01.07.2020). https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_28399/. (дата обращения: 06.01.2025)
19. Семейный кодекс Российской Федерации от 29.12.1995 N 223-ФЗ (ред. от 23.11.2024) (с изм. и доп., вступ. в силу с 05.02.2025). https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_8982/ (дата обращения: 11.02.2025).
20. Федеральный закон «Об основных гарантиях прав ребенка в Российской Федерации» от 24.07.1998 N 124-ФЗ. https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_19558/. (дата обращения: 13.02.2025).
21. В Турции объявили о новом плане защиты прав детей. 24 апреля 2023. <https://mk-turkey.ru/life/2023/04/24/zashity-prav-detey.html>. (дата обращения: 14.02.2025).
22. Қапсәлямов Қ.Ж., Қапсәлямова С.С., Аккулов Р.Т. Орталық Азия мен Қазақстанның балалар құқығын қорғау саласындағы аймақтық ынтымақтастығы және даму перспективалары. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. Құқық сериясы №3 (128)/2019. 26 б.

А.А. Есекеева¹, А. Отеуова², Г.А., Куаналиева¹

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Западно-Казахстанский Инновационно-технический университет, Уральск, Казахстан

(e-mail: ¹ainash.akim@gmail.com, ²oteuovy@mail.ru, ¹kuanalieva.guldanakz@mail.ru)

Правовая политика в сфере социальной защиты детей в Республике Казахстан

Аннотация: Статья посвящена проблеме правовой политики в области социальной защиты детей в Республике Казахстан. Целью статьи является теоретическое обоснование права на социальную защиту детей, а также комплексный анализ правовой политики в области социальной защиты детей.

В данной научной статье исследуются вопросы правовой политики государства в области защиты прав детей в Республике Казахстан. В рамках исследования проводится анализ сущности, содержания понятия «социальная защита».

В российских и турецких государствах предпринимаются конкретные шаги по реализации государственной политики в области защиты прав детей и обеспечения их безопасности. С реализацией принятых стратегических документов также становится ясно, какие позитивные факторы добиваются государства.

Авторы придерживаются принципа перехода исследовательской работы от общего к частному. Авторы, проводя сравнительный анализ государственной политики российских и турецких государств в отношении прав ребенка, доказывают необходимость разработки стратегического документа и плана мероприятий по правам ребенка на долгосрочную перспективу в стране, а также раскрывают, на каких принципах будет основан план.

Ключевые слова: Социальный кодекс, ювенальная юстиция, социальная защита, права ребенка, омбудсмен, правосудие в отношении несовершеннолетних, правовая политика, национальный план.

A. Yessekeyeva¹, A. Oteuova², G. Kuanaliyeva¹

¹al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²West Kazakhstan University of Innovation and Technology, Uralsk, Kazakhstan

(e-mail: ¹ainash.akim@gmail.com, ²oteuovy@mail.ru, ¹kuanalieva.guldanakz@mail.ru)

Legal Policy in the field of social protection of children in the Republic of Kazakhstan

Abstract: The article is devoted to the problem of legal policy in the field of social protection of children in the Republic of Kazakhstan. The purpose of the article is a theoretical justification of the right to social protection of children, as well as a comprehensive analysis of legal policy in the field of social protection of children.

This scientific article examines the issues of the state's legal policy in the field of protection of children's rights in the Republic of Kazakhstan. The study analyzes the essence and content of the concept of «social protection».

Concrete steps are being taken in the Russian and Turkish states to implement State policies in the field of protecting children's rights and ensuring their safety. With the implementation of the adopted strategic documents, it also becomes clear what positive factors the States are seeking.

The authors adhere to the principle of the transition of research work from the general to the particular. The authors, conducting a comparative analysis of the state policy of the Russian and Turkish

states regarding the rights of the child, prove the need to develop a strategic document and an action plan on the rights of the child for the long term in the country, and also reveal the principles on which the plan will be based.

Keywords: social code, juvenile justice, social protection, child rights, ombudsman, juvenile justice, legal policy, national plan.

References

1. «Kazakstan Respublikasynyn Bala kuckyktary turaly konventsiany iske asyruy turaly ekinshi zhane ushinshi zhiyntyk merzimdi baiandamany bekituturaly» Kazakstan Respublikasy Ukimetinin 2006 zhylgy 13 shildedegi N 670 Kaulysy, adilet.zan.kz. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P060000670_/history. (otinish bergen kyini: 21.12.2024).
2. Eseekeeva A.A., Zhatkanbaieva A.E., Adilgazy S. «Kazakstan Respublikasyndagy bala kuckyktary zhonindegi uakildin kuckyktyk martebesi». KazUU Habarshysy. Zan seriasy. No1 (109). 2024 zh. 39 b.
3. «Neke (erli-zaiyptylyk) zhane otbasy turaly» Kazakstan Respublikasynyn 2011 zhylgy 26 zheltoqsandagy № 518-IV Kodeksi, adilet.zan.kz. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518#z37> (otinish bergen kyini : 21.12.2024).
4. «Kazakstan Respublikasyndagy balany kuckyktary turaly» Kazakstan Respublikasynyn 2002 zhylgy 8 tamyzdgy N 345 Zany, adilet.zan.kz. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_ (otinish bergen kyini: 20.12.2024).
5. «Ulttyk kor – balalarga» zhobasy boiynsha. <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/press/news/details/525547?lang=kk>.
6. Kazakstan Respublikasynyn Konstitutsiasy, online.zakon.kz. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029. (otinish bergen kyini: 21.12.2024).
7. Rakymbaeva M.K. «Ozine-ozu kol zhumsauga zhetkizu kylmysynyn aldyn alu». L.N. Gumilev atyndagy Euraziya ulttyk universitetinin Khabarshysy. Kuckyk seriasy. No 4 (141). 2022 zh. 140 b.
8. «Kazakstan Respublikasynyn Aleumettik kodeksi» Kazakstan Respublikasynyn 2023 zhylgy 20 sauirdegi № 224-VII KRZ Kodeksi, adilet.zan.kz. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2300000224>. (otinish bergen kyini : 20.12.2024).
9. Muhtarova A.Kh. «Problema samoaktualizatsii lichnosti v issledovaniyah zarubezhnyh uchenykh». – Mezhdunarodny nauchny zhurnal «Innovatsionnaia naukaa», 2017. – S.67.
10. Lodnikova T.V. Sotsialnaia pedagogika. Zashita semi I detstva ucheb. Posobie dlia stud. vyssh. ucheb. zaved. M.: Akademia, 2003. 192 s.
11. Shapovalova V.S. «Gosudarstvennaia politika sovremennoi Rossii v oblastizashity prav detei» Vestnik TGPI. Gumanitarnye nauki. 2010. S. 399.-403.
12. Slovar-spravochnik po sotsialnoi rabote / pod red. E.I. Holostovoi. M.: Iurist, 1997. 424 s. 11.
13. Rybinski E.M. Detstvo kak sotsialnyi fenomen. – M.: Izd-vo NII detstva RFD. – 1998. – 240 s.
14. Mardahaiev L.B. Slovar po sotsialnoi pedagogike. – M.: Akademia, 2002. – 350 s.
15. «Balalardy zorlyk-zombylyktan korgau, suitsidtin aldyn alu, olardyn kuckyktary men salamattygyn kamtamasyz etu zhonindegi 2023-2025 zhyldarga arналган keshendi zhospardyn zhobasyn azirleu zhonindegi zhumys tobyn kuru turaly» Kazakstan Respublikasy Oku-agartu ministrinin 2022 zhylgy 10 tamyzdgy № 361 buirygy, online.zakon.kz. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38509528&pos=5; - 42#pos=5; - 42. (otinish bergen kyini: 24.12.2024).
16. Ukaz Prezidenta RF ot 17 maia 2023 g. № 358 «O Strategii kompleksnoi bezopasnosti detei v Rossiiskoi Federatsii na period do 2030 goda». <https://www.garant.ru/products/ipo/prime/doc/406788976/>. (data obrasheniya: 25.12.2024).

17. V Rossii priniat plan po realizatsii Strategii kompleksnoi bezopasnosti detei. Ministerstvo prosveshenia Rossiiskoi Federatsii. <https://edu.gov.ru/press/7870/v-rossii-prinyat-plan-po-realizatsii-strategii-kompleksnoy-bezopasnosti-detey/>. (data obrashenia: 27.12.2024).

18. Konstitutsia Rossiiskoi Federatsii (priniata vsenarodnym golosovaniem 12.12.1993 s izmeneniami, odobrennymi v hode obsherossiiskogo golosovaniia 01.07.2020). https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_28399/. (data obrashenia: 06.01.2025).

19. Semeinyi kodeks Rossiiskoi Federatsii ot 29.12.1995 N 223-FZ (red. ot 23.11.2024) (s izm. i dop., vstup. V silu s 05.02.2025). https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_8982/. (data obrashenia: 11.02.2025).

20. Federalnyi zakon «Ob osnovnykh garantiakh prav rebenka v Rossiiskoi Federatsii» ot 24.07.1998 N 124-FZ. https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_19558/. (data obrashenia: 13.02.2025).

21. V Turtsii obiavili o novom plane zashity prav detei. 24 apreliia 2023. <https://mk-turkey.ru/life/2023/04/24/zashity-prav-detey.html>. (data obrashenia: 14.02.2025).

22. Kapsalyamov K.Zh., Kapsalyamova S.S., Akkulov R.T. Ortalyk Aziya men Kazakstannyn balalar kukygn korgau salasyndagy aimaktyk yntymaktastygy zhane damu perspektivalary. L.N. Gumilev atyndagy Euraziya ulttyk universitetinin Khabarshysy. Kutyk seriasy. No (128)/2019. 26 b.

Авторлар туралы мәлімет:

Есекеева А.А. – докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Әл-Фараби даңғылы, 71, 050000, Алматы, Қазақстан

Отеуова А.Қ. – заң ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Назарбаев даңғылы 194, 090000, Орал, Қазақстан

Қуаналиева Г.А. – хат-хабар авторы, заң ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Әл-Фараби даңғылы, 71, 050000, Алматы, Қазақстан

Есекеева А.А. – докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, пр.Аль-Фараби, 71. 050000, Алматы, Казахстан

Отеуова А.К. – магистр юридических наук, старший преподаватель, Западно-Казахстанский Инновационно-технический университет, пр. Назарбаева 194, 090000, Уральск, Казахстан

Қуаналиева Г.А. – автор корреспонденции, доктор юридических наук, профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, пр.Аль-Фараби, 71. 050000, Алматы, Казахстан

Yessekeyeva A. – doctoral student, al-Farabi Kazakh National University, 71 Al-Farabi st., 050000, Almaty, Kazakhstan

Oteuova A. – Master of Law Degree, Senior Lecturer, West Kazakhstan University of Innovation and Technology, 194 Nazarbayev Ave., 090000, Uralsk, Kazakhstan

Kuanaliyeva G. – the author of the correspondence, Doctor of Law, Professor, al-Farabi Kazakh National University, 71 Al-Farabi st., 050000, Almaty, Kazakhstan



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).